

**Білім беру бағдарламасының паспорты / Паспорт образовательной программы
/ The Passport of Education Program**

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар
Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	7M022 Гуманитарлық ғылымдар
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	7M02202 Тарих
Білім беру бағдарламаларының топтары	M053 Тарих
Білім беру бағдарламасының бірегейлігі	1. Білім алушылар С.Аманжолов атындағы ШҚУ-нің Алтайдың археология және мәдени мұрасы мұражайы, заманауи құралдармен жабдықталған Ж. Ахмеров атындағы цифрлық гуманитарлық кабинет базаларында кәсіби және зерттеушілік күзіреттерін дамыту мүмкіндігі. 2. Шығыс Қазақстан облысы мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Мемлекеттік мұрағаты» КММ және Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайымен кафедраның ынтымақтастық туралы келісімдері бар, сонымен қатар XVIII ғасырдан бастап, бір шамасы цифрландырылған 10 мыңнан астам дананы қамтитын университеттің сирек кездесетін қоры магистранттарға тарихи дереккөздермен жұмыс жасау дағдыларын бекітуге және сапалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындауға мүмкіндік береді. 3. Жоғары кәсіби профессор-оқытушылар құрамы, келесі ғылыми бағыттар бойынша өздерінің мектептері бар ғалымдар: 1. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері (т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нурбекова Р.К.), 2. Әлеуметтік-демографиялық зерттеулер (т.ғ.к. Сарсембаева Г.А.). 3. С.Аманжолов атындағы ШҚУ базасында үнемі өткізілетін Шығыс Қазақстан облысындағы археология саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту бағдарламасы аясындағы «Алтай - түркі әлемінің алтын бесігі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы; «Аманжолов оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы; «Біртұтас ғылыми және білім беру кеңістігін қалыптастырудағы студенттік ғылым» студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы; «Өлкетану оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, «Қазақстандағы және оған іргелес жатқан аймақтардағы этнодемографиялық процестер» халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялау мүмкіндігі. 4. Жоғары білім саласындағы ғылыми немесе педагогикалық қызмет үшін кадрларды дайындауға бағытталған, доктор (PhD) ғылыми атағын беретін 8D02202 – Тарих білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада оқуын жалғастыру. 5. Томск ұлттық зерттеу мемлекеттік және Алтай мемлекеттік университеттерінде қос дипломды білім алу мүмкіндігі. 6. Стратегиялық серіктестер Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарымен (Алтай мемлекеттік университеті, Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті, Новосибирск ұлттық зерттеу мемлекеттік университеті) ұзақ мерзімді және тұрақты қарым-қатынас магистранттарға осы университеттердің аспирантураларында оқуларын жалғастыруға мүмкіндік береді. 7. Магистранттардың ҚР БҒМ «Қалалық қазақтардың репродуктивті мінез-құлқының өңірлік ерекшеліктері: үрдістер және келешегі» ғылыми жобасына қатысуы (ғылыми жетекшісі т.ғ.к. Сарсембаева Г.А) оларға кәсіби құзыреттілік деңгейін және ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді. 8. Оқытуға пәнаралық көзқарас академиялық ұтқырлық шеңберінде білімнің түрлі салаларында маманданған жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың оқу процесіне қатысуымен қамтамасыз етілген. Дәрістер, пікірталастар және практикалық сабақтар магистранттарға негізгі және арнайы құзыреттерді дамыту үшін кең мүмкіндіктер береді.

Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
БББ мақсаты	Тарих саласында еңбек нарығында сұранысқа ие, көшбасшылық қасиеттері мен жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, жаһандық сын-қатерлерге бейімделген, кәсіби және әлеуметтік маңызы бар проблемаларды жоғары ғылыми-практикалық деңгейде шешуге қабілетті жоғары білікті кадрлар даярлау.
БББ міндеттері	1. Дүниежүзілік және Отандық тарихтың тарихнамасы және деректануы, тарихи таным әдіснамасы саласындағы жаңа білімдерді меңгерген мамандарды іргелі дайындау; 2. Оқытушылық және ғылыми-зерттеу жұмыстарында қажет тарихи материалдармен жұмыс жасаудың жаңа әдістері мен технологияларын қолдана алатын тарихшыларды даярлау; 3. Түлектердің болашақ кәсіби қызметінде пайдалану үшін қажетті негізгі, жалпы кәсіптік және арнаулы құзыреттіліктерін қалыптастыру; 4. Білім алушылардың өзін-өзі жетілдіру қабілетін, жаңа білімді өз бетінше игеру қажеттілігін шындау; 5. Білім алушылардың отансүйгіштік сезімдерін, Отанға деген адалдығын, өз халқының тарихына құрметпен қарау сезімдерін қалыптастыру; 6. Кәсіби мәдениетінің деңгейі жоғары, ғылыми-зерттеушілік, педагогикалық және басқару қызметін сәтті жүзеге асыруға қабілетті мамандарды даярлау.
БББ оқыту нәтижелері	1 Кәсіби қызметте тарих ғылымы, ғылым философиясы мен тарихи танымның тұжырымдамалық қағидаларын, оларға кәсіби қызметінде сыни тұрғыдан талдау жасау және объективті бағалау мақсатында қолдану; 2 Демографиялық зерттеулер жүргізу кезінде және өзінің кәсіби қызметінде қазіргі демографиялық мәселелерді оқып-үйрену барысында алынған теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдыларды пайдалану; 3. Диалог жүргізу, хат алмасу және ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін рәсімдеу үшін мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияны пайдалану; 4 Білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша тарихи пәндерді оқытуда, сондай-ақ білім беру қызметінің сапасын ұйымдастыруда, диагностикалауда және бағалауда заманауи әдістемелер мен технологияларды қолдану; 5 Ғылыми-зерттеу қызметін және оқу үрдісін басқару және ұйымдар бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты жолға қоя отырып, ұжым мүшелерімен, басқа адамдармен, нәтижелі өзара іс-қимыл жасай отырып, өнімді командалық жұмыс құру; 6. Ғылыми-зерттеу және жобалық қызметті әлемдік үрдістерге, халықаралық ережелер мен стандарттарға сәйкес дәлелді және сенімді баяндай және рәсімдей отырып жүзеге асыру; 7. Дүниежүзілік және отандық тарих, деректану және тарихнама саласындағы қазіргі ғылыми жетістіктерді зерттеу жұмысының практикалық міндеттерін шешудегі пәнаралық тәсілді есепке ала отырып, сыни тұрғыдан талдау; 8. Білім берудің жаңартылған мазмұны аясында ғылыми-зерттеу және білім беру қызметін жүзеге асыру үшін, дүниежүзілік және отандық тарих бойынша теориялық-әдіснамалық және тарихи-гуманитарлық білімді қолдану; 9 Ғылыми-зерттеу жұмысы және білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберінде білім беру қызметін жүзеге асыру кезінде әлемдік, отандық тарих, Қазақстан Республикасының жаңа жергілікті тарихы, халықаралық қатынастар мәселелері, тарихи-мәдени мұра және мұражай ісі бойынша қазіргі заманғы тарих ғылымындағы жаңа тәсілдер мен жаңғыртылған процестерді сыни бағалау; 10 Пәнаралық көзқарасты ескере отырып, күнделікті өмір мен тарихтағы тұлғаның рөлін зерттеуде сауалнамалар және сұхбаттар барысында алынған ғылыми айналымға енгізілетін ауызша тарихи дереккөздерді сыни талдау және түсіндіру.
Түлектің біліктілік сипаттамасы	

Берілетін дәреже:	7M02202 Тарих білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі
Лауазымдарының тізімі	-жалпы білім беретін және арнайы мектептердің, лицейдің, гимназияның тарих пәні мұғалімі; техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары, жоғарғы оқу орындарының оқытушысы; - біліктілікті арттыру институттарының қызметкері; — ғылыми институттардың ғылыми қызметкері; — педагогикалық тәрбие және тарихи білім беру кабинетінің әдіскері; — мектеп директорының тәжірибелік-эксперимент жұмысы бойынша орынбасары; — ішкі саясат бөлімінің қызметкері; — мемлекеттік мекемелер мен бұқаралық ақпарат құралдары саласында жетекші маман; — мұрағат, мұражай қызметкері; — мәдени мұра қорғау саласының қызметкері
Кәсіби қызмет объектісі	меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық типтегі және түрдегі орта білім беру ұйымдары; техникалық, кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдары, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, ғылыми-зерттеу институттары, мұрағаттар, мұражайлар, Мемлекеттік мекемелердің әкімшілік, педагогикалық және тарихи бөлімдері, мәдени-білім беру орталықтары, этникалық орталықтар, әкімдіктер жанындағы Қазақстан халқының кіші Ассамблеясы, археологиялық зертханалар